

Қ.А. ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ
ҚАЗАҚ-ТҮРІК УНИВЕРСИТЕТІ

СӨЖ

Тақырыбы: Сезімталдықтың нейрогендік бұзылыстары, түрлері; даму механизмдері. Ауырсыну сезімі, анықтамасы және сипаттамасы. Ауырсыну сезімінің нейро-химиялық механизмдері. Нейрон патологиясы. Дерттік күшейген қозуының ошақтары

Орындаған: Садықбек С
Қабылдаған: Таубекова М.
Тобы: ЖМ-301

Жоспар

***** Кіріспе**

***** Негізгі бөлім**

***Сезімталдық**

***Ауырсыну**

***Нейрон патологиясы**

*****Қорытынды**

*****Пайдалынған әдебиеттер**

Сезімталдық

тірі ағзаның сыртқы ортадан түсетін немесе өзінің ішіндегі тіндермен ағзалардан келетін тітіргенгіштерді қабылдап, оларды ажырата отырып жауап беру қасиеті.

Сезімталдық түрлері

Жалпы сезімталдық

---- - қарапайым

---- беткей (экстероцептивті) – ауырсыну, температуралық, тактильді

---- терең (проприоцептивті) – бұлшықет-буын сезімі, вибрациалық сезім, қысым сезімі, салмақ сезімі ----

---- интероцептивті – хемо- және барорецепция Ақпарат

◆ Күрделі сезімталдық

--- Екі өлшемді кеңістік сезімі, орналасу сезімі.

◆ Арнайы сезімталдық

---көру

---есту

---иіс сезу

---дәм сезу

Сезімталдықтың күрделі түрлеріне мына төмендегілер жатады:

---дискриминациялық сезімділік — теріде немесе кілегей қабықтарда екі жеке нүктені ажырата білу;

---қос өлшемді кеңістіктік сезім терідегі суретті ажырата білу;

---стереогностық сезім («стерео» — кеңістік, «гно-зис» — тану) — заттарды көлемдік белгілеріне, яғни сипау арқылы ажырата білу.

Сезімталдық бұзылысының түрлері

Сандық түрі:

- * **Анестезия** – сезімталдықтың жоғалуы
- * **Гипестезия** – сезімталдықтың төмендеуі
- * **Гиперестезия** – сезімталдықтың жоғарылауы

Сапалық түрі:

- * **Дизестезия** – тітіркеністі теріс сезіну (жай тигізуді ауырсынып сезіну, ыстықты-суық тәрізді т.б.).
- * **Аллохейрия** – тітіркендіргіш түйіскен тұстан емес, соған қарсы дененің симметриялы бөлігінде жанасқандай сезінілуі.
- * **Полистезия** – жеке тітіркеністердің әрқайсысы бірнеше тітіркеніс ретінде сезілуі.

Ауырсыну

Ауырсыну деп мидың жоғарғы бөліктері мен ауыру сезімінің арнайы жүйесінің қатысуымен дамидын жанға жайсыз ауыр сезімі айтады.

Ауруды сезіну жүйесін носцепциялық жүйе деп атайды.

Ауырсыну физиологиялық және патологиялық болып ажыратылады.

Ауыру сезімі шеткері ағзалар мен тіндердің бүліністері нәтижесінде немесе жүйке жүйесінің орталық бөліктерінде пайда болған эндогендік өзгерістерден дамуы мүмкін. Очыған байланысты олардың даму жолдары да әртүрлі.

Ауырсынудың түрлері

- * **Жергілікті** – ауырсыну тітіркендіргішінің түйіскен тұсында сезілуі
- * **Проекциялық ауырсынулар** – дененің белгілі бір аймағын иннервациялайтын жүйке бағанасының тітіркенуіне байланысты, сол аймақтағы ауырсынулар. Бұл түрге фантомды ауырсынулар да жатады - аяқ-қолдарына ампутация жасалған адамдарда кесіліп алынып тасталған бөлігінде ауырсыну иллюзиясы
- * **Иррадиацияланатын ауырсыну** — тітіркендірудің жүйкенің бір бұтағынан келесі бұтағына жайылуы (бір тістің пульпиті болғанда екі жақ сүйектерінде ауырсыну).
- * **Бейнеленген ауырсыну** – ішкі ағзалардың ауруларында тітіркенудің иррадиациясы (стенокардия кезінде қол мен жауырын астында ауырсыну, Захарьин-Гед аймақтары).

Нейрондардың бұзылыстары:

- олардың мембраналарының бұзылыстарымен;
- аксондарының бұзылыстарымен;
- дендриттерінің бұзылыстарымен;
- түйіспелерінің бұзылыстарымен көрінеді.

Нейрон мембраналарының бұзылыстары

Әртүрлі улы заттар, ауыр металдар, антинейрондық антиденелер, ишемия т.б. нейрон мембраналарының бүліністеріне өкеледі. Олардың даму жолдарында:

- май қышқылдарының асқын тотығуы (МАТ) артып кетуі;
- энергия тапшылықтығы — маңызды орын алады.

Аксон қызметтерінің бұзылыстары.

Аксон қызметтерінің бұзылыстары оның бойымен
жүйкелік
серпіндер өткізілуінің және заттардың аксондық
тасымалдануының
бұзылыстарымен көрінеді.

Дендриттердің бұзылыстары.

Дендриттер нейронға ақпарат түсуін қамтамасыз етеді және олар серпіндерді өткізу мен біріктіру қызметтерінде маңызды орын алады. Дендриттердің сыртындағы тікенектері түйіспелік байланысу бетін үлкейтеді.

Дендриттер мен олардың тікенектері нейронның ең нәзік құрылымдарына жатады және өртүрлі дерттер кездерінде олар тез бүлінеді, жоғалып кетеді. Қартаю кезінде олар азаяды, жүйкелік трофиканың бұзылысы болады, мидың қызметі бүлінеді. Сондықтан қартаюдан алжу кезінде дендриттер мен олардың тікенектері анықталмайды. Олар гипоксия, ишемия, уыттану, жарақаттану, электросоққы кездерінде, ми шайқалуында, невроздық және стрестік өсерлерден бұзылады.

Түйіспелер қызметтерінің бұзылыстары.

Түйіспелердің қызметтері:

- нейромедиаторлардың түзілуі, тасымалдануы, қорға жиналуы, түйіспелік саңылауларға шығарылуы бұзылғанда;
- нейромедиаторлардың постсинапстық мембранадағы рецепторлармен байланысуы өзгергенде;
- түйіспелік саңылауларда нейромедиаторлардың ыдырауы немесе түйіспе алды мембраналармен кері қамтылуы бұзылғанда — өзгереді.